

## 2015 жылға халықтың нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 26 қаңтардағы № 32 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 20 ақпанда № 3046 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданы әкімі аппаратының 2016 жылғы 6 қаңтардағы № 03-32 хатымен)

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданы әкімі аппаратының 06.01.2016 № 03-32 хатымен).**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына және «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5 бабының 2 тармағына сәйкес, Шардара ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2015 жылға нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесі төмендегідей белгіленсін:

- 1) зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін 50 жастан асқан адамдар;
- 2) 21 мен 29 жас аралығындағы жастар;
- 3) ауылдық жерлерде тұратын әйелдер.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т. Байтұрғановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*К.Айтуреев*